

## Әлихан Бөкейхан жазбаларындағы XVIII ғасырдың соңы - XIX ғасырдың басындағы тарихи деректер

ЖАРИЯЛАНДЫ  
20.02.2026

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/187334/>

### Адилова Акмарал

Студент, 3 курс

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті

Ғылыми жетекші: **Тлегенова Лора Төлеутаевна**, профессор-ассистент, археология, этнология және Отан тарихы кафедрасы

### АННОТАЦИЯ

Мақала Әлихан Бөкейхан жазбаларындағы XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басына қатысты тарихи деректерді деректанулық тұрғыдан зерттеуге арналған. Зерттеуде автордың ата-тегі туралы мәліметтері, Орта жүздегі саяси жағдайдың сипаттамасы және жазбалардағы деректердің кешенді мазмұны талданады. Ә. Бөкейхан еңбектерінің шежірелік, саяси, тарихи және қоғамдық деректерді өзара ұштастыра отырып, қазақ қоғамының саяси трансформациясын бейнелейтін маңызды дерек көзі екендігі дәлелденеді. Хандық биліктің әлсіреуі мен Ресей империясының ықпалының күшеюін сипаттайтын архивтік құжаттар қосымша дереккөз ретінде пайдаланылады.

Түйін сөздер: Әлихан Бөкейхан, тарихи деректер, Орта жүз, хандық билік, деректану, шежіре, XIX ғасыр, Ресей империясы.

### КІРІСПЕ

Әлихан Бөкейханның тарихи жазбалары қазақ халқының XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси жағдайын зерттеуде маңызды дереккөздердің бірі болып табылады. Оның еңбектері тек публицистикалық немесе саяси сипаттағы мәтіндер ғана емес, сонымен қатар қазақ қоғамының құрылымы, билік жүйесі, ру-тайпалық қатынастары мен төре әулетінің тарихы туралы құнды мәліметтерді қамтитын тарихи деректер жиынтығы ретінде де ерекшеленеді [4].

Әсіресе Орта жүз аумағындағы саяси өзгерістерді, хандық биліктің әлсіреуін және

Ресей империясының ықпалының күшеюін сипаттауда Ә. Бөкейхан қалдырған мәліметтердің деректік маңызы жоғары. Деректану тұрғысынан қарастырғанда, оның жазбалары өткен кезең оқиғаларын түсіндіруде жанама әрі тікелей деректерді қатар қолданған күрделі мәтіндер қатарына жатады [3].

Мақаланың негізгі мақсаты – Ә. Бөкейхан жазбаларындағы XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басына қатысты деректерді деректанулық тұрғыдан талдау. Осыған сәйкес, оның ата-тегі туралы мәліметтерін қарастыру, Орта жүздегі саяси жағдайды сипаттау, жазбалардағы деректердің ерекшеліктерін анықтау және олардың тарихи маңызын бағалау міндеттері қойылады.

## 1. Ә. БӨКЕЙХАН ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ә. Бөкейхан жазбаларындағы деректердің басты ерекшелігі – олардың әртүрлі сипатта болуы. Мұнда шежірелік мәліметтер, саяси талдаулар, тарихи тұлғалар туралы ақпараттар мен қоғамдық қатынастарға қатысты байқаулар өзара үйлесімде беріледі. Бұл деректер қазақ қоғамының ішкі өмірін жан-жақты көрсетуге бағытталған [4]

Ә. Бөкейхан қолданған деректердің маңызды бөлігі ауызша тарихи дәстүрге негізделген. Қазақ қоғамында шежірелік мәліметтердің ерекше орын алатыны белгілі, сондықтан автор бұл деректерді тарихи түсіндіру құралы ретінде пайдаланады. Сонымен қатар, ол тек ауызша деректермен шектелмей, жазба материалдарға да сүйенеді. Мұндай тәсіл оның еңбектеріне деректік тереңдік береді [5].

Ә. Бөкейхан деректерінің тағы бір ерекшелігі – олардың саяси мазмұнының айқын болуы. Ол өткен кезеңді сипаттай отырып, қазақ қоғамындағы билік құрылымының өзгеруін көрсетуге тырысады. Автор тарихи оқиғаларды жай ғана баяндап қоймай, олардың себеп-салдарын түсіндіруге ұмтылады. Осы арқылы оның еңбектері аналитикалық сипатқа ие болады [5]

### 1-кесте – Ә. Бөкейхан жазбаларындағы деректердің түрлері

Дерек түрі Сипаттамасы Қолданылу мақсаты

Шежірелік деректер Төре әулеті мен ру-тайпалардың шығу тегі туралы Әлеуметтік құрылымды түсіндіру

Саяси деректер Билік жүйесі мен басқару құрылымы туралы мәлімет Саяси жағдайды талдау

Тарихи деректер Оқиғалар мен тұлғалар туралы мәліметтер Өткен кезеңді сипаттау

Қоғамдық деректер Әлеуметтік қатынастар туралы мәліметтер Қоғамдық құрылымды анықтау

## 2. Ә. БӨКЕЙХАННЫҢ АТА-ТЕГІ ЖӘНЕ ТӨРЕ ӘУЛЕТІНІҢ ТАРИХИ РӨЛІ

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның ата-тегі тарихы қазақ қоғамындағы саяси элитаның қалыптасуын түсінуде ерекше маңызға ие. Ол өзін тек қоғамдық-саяси қайраткер ретінде ғана емес, сонымен қатар төре әулетінің өкілі ретінде таныған тұлға болды. Бұл жағдай оның тарихи ойлау жүйесіне, қазақ қоғамының өткенін бағалауына және билік институттарының эволюциясын түсіндіруіне тікелей әсер етті [1].

Ә. Бөкейхан өз еңбектерінде ата-тегінің шығу тарихын шежірелік деректер арқылы қарастыра отырып, оны кең тарихи контекстпен байланыстырады. Шәкәрім Құдайбердіұлы өз еңбегінде Жошы ханнан тараған Орда Ежен, Барақ хан және Әз Жәнібек хан тармақтарының Орта жүздегі рөлін нақты шежірелік деректер арқылы келтіреді [9]. Мұхамеджан Тынышбаев зерттеуінде де төрелер әулетінің тарихи сабақтастығы құжаттық деректермен дәлелденген [10].

Оның пайымдауынша, төрелердің шығу тегі Шыңғыс хан әулетіне барып тіреледі, ал бұл өз кезегінде қазақ даласындағы биліктің легитимділігін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі болған [1]. Ә. Бөкейхан ата-бабаларының тарихын қарастыру барысында қазақ қоғамындағы билік құрылымының дәстүрлі негіздерін көрсетуге тырысады. Оның пайымдауынша, төре әулетінің билігі кездейсоқ қалыптасқан құбылыс емес, тарихи заңдылықтардың нәтижесі болды.

Оның жазбаларында Бөкей хан ұрпақтарының қызметі, олардың қазақ даласындағы саяси процестерге ықпалы және Ресей империясымен қарым-қатынастағы рөлі туралы мәліметтер кездеседі. Бұл деректер төре әулетінің тек дәстүрлі билік иелері ғана емес, сонымен қатар жаңа саяси жағдайларға бейімделе алатын топ болғанын көрсетеді [2].

### 3. XIX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ОРТА ЖҮЗДЕГІ САЯСИ ЖАҒДАЙ

XIX ғасырдың I жартысындағы Орта жүз аумағы қазақ қоғамының саяси құрылымында түбегейлі өзгерістер орын алған кезеңдердің бірі болды. Бұл уақыт дәстүрлі хандық билік жүйесінің әлсіреп, сыртқы ықпалдардың күшейе түсуімен сипатталады. Әсіресе Ресей империясының отарлық саясатының біртіндеп тереңдей енуі Орта жүздегі билік қатынастарына жаңа мазмұн берді [3].

XVIII ғасырдың соңына қарай Орта жүздегі хандық билік формальды түрде сақталғанымен, іс жүзінде оның ықпалы әлсірей бастаған еді. Хандар мен сұлтандардың билігі ру басыларының, батырлар мен билердің саяси салмағымен шектеліп отырды. Дәстүрлі билік институттары бұрынғыдай қоғамның барлық бөлігін біріктіре алмады, әрбір ру немесе аймақ өз мүддесін қорғауға ұмтылып, бұл жағдай саяси бытыраңқылықтың күшеюіне алып келді.

XIX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында Ресей империясы Орта жүз аумағына әкімшілік тұрғыдан ықпалын күшейте отырып, дәстүрлі хандық билікті біртіндеп шектеуге кірісті. Бұл үдерісті айқындайтын маңызды деректердің бірі – «Из переписки

хана Средней Киргизской Орды Букея и его потомков» жинағында сақталған ресми хат алмасулар болып табылады [11].

Мәселен, 1817 жылғы 18 қаңтарда Сібірдің Жеке корпусының қолбасшысы генерал-лейтенант Глазенаптың Бөкей Барақ ханға жолдаған хатында империялық биліктің үстем рөлі айқын байқалады. Мұндай формулировкалар хан билігінің дербестігін емес, оның империялық иерархияға тәуелділігін көрсетеді.

1824 жылғы 24 ақпанда Омбы облысының бастығы полковник Броневскийдің сұлтан Ғазы Бөкейұлына жазған хатында 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғыдан» кейін округтік басқару жүйесінің енгізілуі нақты дәлелденеді. Яғни, дәстүрлі хандық институт іс жүзінде әкімшілік округтермен алмастырылды.

1832 жылғы 10 наурызда Батыс Сібір генерал-губернаторы Вельяминов аға сұлтан Тұрсын Шыңғысовқа жолдаған хаты сұлтандардың империялық қызмет жүйесіне тартылып, патша әкімшілігі тарапынан қызметтік тұрғыда бағаланғанын көрсетеді [11].

Осы хаттар мазмұны көрсеткендей, XIX ғасырдың бірінші жартысында Орта жүздегі хандық билік біртіндеп символдық сипатқа ауысты. Сұлтандар дәстүрлі билік өкілдері бола отырып, патша әкімшілігінің тірегіне айналды. Империялық басқару жүйесі оларды қызметтік иерархияға енгізіп, жергілікті басқаруды орталыққа тәуелді етті [7].

#### 4. Ә. БӨКЕЙХАН ДЕРЕКТЕРІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Әлихан Бөкейхан қалдырған тарихи деректер қазақ халқының саяси және әлеуметтік даму эволюциясын түсінуде айрықша маңызға ие. Оның еңбектері тек жеке тұлғаның көзқарасы немесе публицистикалық ойлары ғана емес, ұлттық тарихтың күрделі кезеңдерін түсіндіруге мүмкіндік беретін деректік кешен ретінде бағаланады [6].

Зерттеушілер атап өткендей, Ә. Бөкейхан деректерінің құндылығы олардың жүйелілігінде және тарихи оқиғаларды ұлттық көзқарас тұрғысынан түсіндіруінде жатыр. Ол қазақ қоғамындағы билік құрылымын сипаттай отырып, хандық институттардың әлсіреуін кездейсоқ құбылыс емес, тарихи жағдайлардың нәтижесі ретінде қарастырады [5].

Ғылыми әдебиеттерде көрсетілгендей, Ә. Бөкейхан тарихи деректерді талдауда шежірелік мәліметтерді ерекше маңызға ие құрал ретінде қолданған. Оның жазбаларында төре әулетінің тарихы мен олардың саяси рөлі туралы мәліметтер кеңінен қамтылады [8].

Ә. Бөкейхан деректерінің тағы бір маңызды қыры – олардың қазақ қоғамының саяси трансформациясын сипаттаудағы рөлі. Ол дәстүрлі басқару жүйесінің өзгеруін, жаңа әкімшілік құрылымдардың қалыптасуын және сыртқы ықпалдардың күшеюін жан-жақты талдайды [7]. Деректанулық тұрғыдан алғанда, Ә. Бөкейхан жазбалары субъективті

және объективті мәліметтердің үйлесімін көрсетеді: автор кейбір жағдайларда өзінің көзқарасын білдірсе де, ол тарихи фактілерге сүйенуге тырысады [8].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл мақалада Әлихан Бөкейхан жазбаларындағы XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басына қатысты деректер деректанулық тұрғыдан кешенді зерттелді. Зерттеу барысында мынадай негізгі тұжырымдарға қол жеткізілді.

Біріншіден, Ә. Бөкейхан еңбектері қазақ қоғамының ішкі құрылымы мен билік жүйесінің эволюциясын түсінуге мүмкіндік беретін маңызды дерек көзі екендігі анықталды. Автордың ата-тегі туралы мәліметтері қазақ қоғамындағы элиталық топтардың қалыптасуын түсіндіруге жағдай жасайды, ал төре әулетінің тарихи рөлі мен саяси ықпалы осы деректер арқылы айқын көрінеді.

Екіншіден, XIX ғасырдың басындағы Орта жүздегі саяси жағдайды сипаттауда Ә. Бөкейхан жазбаларының деректік маңызы жоғары екені дәлелденді. Дәстүрлі хандық биліктің бірте-бірте әлсіреуі мен Ресей империясы тарапынан жаңа әкімшілік құрылымдардың енгізілуі – округтік жүйе, патшалық чиновниктермен ресми хат алмасу, сұлтандарды қызметтік иерархияға тарту – архивтік деректермен де нақты расталады.

Үшіншіден, жазбалардағы деректердің ерекшелігі олардың кешенді сипатында жатыр. Шежірелік, саяси, тарихи және қоғамдық мәліметтердің өзара байланыста берілуі қазақ қоғамының дамуын жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, Ә. Бөкейхан еңбектері қазақ халқының тарихи дамуын зерттеуде орны толмас деректік материал ретінде бағаланады. Оның жазбалары ұлттық тарихтың сабақтастығын түсіндіруге, қазақ қоғамының саяси трансформациясын зерделеуге мүмкіндік береді және болашақ зерттеулер үшін ғылыми негіз ретінде қызмет ете алады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аққұлы С. Әлихан Бөкейхан: зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: Ер Жәнібек халықаралық қоғамдық қоры, 2016. – 528 б.
2. Аққұлы С. Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы: деректі ғұмырнама (I том). – Астана: Алашорда қоғамдық қоры, 2017. – 108 б.
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы (2-кітап). – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.
4. Әлихан Бөкейхан: энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2018. – 784 б.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы (1-кітап): толықтырылған екінші басылым. – Алматы: Мектеп, 2021. – 480 б.
6. «Әлихан Бөкейхан және Тәуелсіздік бейнесі»: республикалық ғылыми конференция

материалдары. – Талдықорған, 2021. – 115 б.

7. Қазақстан Республикасы және Еуразия кеңістігі: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2016. – 438 б.

8. Жұмағұл С.Б., Шалғынбекова А.Б., Жұмағұл А.Б. Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі мақал-мәтелдер // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2023. – №1. – 191–201 бб.

9. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі». – Орынбор, 1911. – 60–72 бб.

10. «Материалы к истории киргиз-казахского народа». – Ташкент, 1925. – 25–40 бб.

11. Әлихан Бөкейхан Шығармалары 1-том. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2016. – 228–237 бб.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.